ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ИНДУСТРИИ И
ИНФРАСТРУКТУРНОГО РАЗВИТИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11, 98 33 33 факс: 8(7172) 98 31 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

_____№_____

_____

ИСХОДЯЩИЙ ДОКУМЕНТ № 04-1-24/1089-И ОТ 14.02.2022

Облыс әкімдіктеріне

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Үкіметтің хаттамалық тапсырмаларын *(Премьер-Министр А.Ұ. Маминнің 2020 жылғы 13 мамырдағы және 22 қазандағы хаттамасы, Президент Әкімшілігінің 2021 жылғы 08 ақпандағы тапсырмасы)* орындау үшін елдің елді мекендерінің инженерлік желілерін *(аудан орталықтары деңгейіне дейін)* жедел цифрлау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды іске асыру мақсатында «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасына *(2021 жылғы 12 қазандағы № 727 ҚРҮҚ)* мемлекеттік қала құрылысы кадастрының *(бұдан әрі – қала құрылысы кадастры)* цифрлық жоспарлы негізін жасау үшін құрылыс салынған аумақтарда жерасты және жерүсті коммуникацияларын түгендеу жөніндегі іс-шара енгізілді, оның көрсеткіші облыстардың 2021 – 2025 жылдарға арналған даму жоспарларына декомпозицияланған.

Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес қала құрылысы кадастрын жүргізу мемлекеттік монополияға жатады және оны «Мемқалақұрылыскадастры» РМК жүзеге асырады *(2014 жылғы 30 маусымдағы №736 ҚРҮҚ).*

Қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттың 13-тармағының 12) тармақшасына сәйкес *(ҚР ИИДМ ҚТКШК төрағасының 2019 жылғы 22 ақпандағы № 26-НҚ бұйрығы)* түгендеу жұмыстары кадастрды жүргізумен технологиялық байланысты және қала құрылысы кадастрының базалық деңгейінің ажырамас бөлігі болып табылады және мемлекеттік монополияға жатады.

Жобалау-іздестіру жұмыстарының жекелеген түрлері (инженерлік желілерді түгендеу) қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық байланысты қызмет түрлерінің бірі болып табылады (*ҚР ИИДМ 2019 жылғы 15 қазандағы № 776 бұйрығы).*

«Қазақстан Республикасындаңғы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның *(бұдан әрі – Заң)* 12-бабының 22), 33) тармақтарына

сәйкес қала құрылысы кадастры мемлекеттік құпияларға қатысты мәліметтерді қамтиды.

Осыған байланысты, қолжетімділігі шектеулі ақпараттық ресурс иесінің басым міндеті қала құрылысы кадастры мәліметтерінің ұлттық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Осылайша, қала құрылысы кадастрын қалыптастыру үшін түгендеу жұмыстарын жүргізуді Үкіметтің шешімімен құрылған мемлекеттік кәсіпорын жүзеге асырады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, мемлекеттің стратегиялық міндеттерін іске асыру, мемлекеттік құпиялар туралы заңнаманы сақтау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің хатына *(қоса беріліп отыр)* сәйкес ЖБ-дан қаражат бөлу кезінде түгендеу жұмыстарын жүргізу үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 39-бабының 3-тармағының 36) тармақшасы шеңберінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-мен қолжетімді болып табылады.

Қосымша 4 парақта.

Вице-министр **Б.Камалиев**

Орынд.: Е.Кулушев
тел: 74-26-82
э.поштасы: e.kulushev@miid.gov.kz

Исх. № 53036 от 06.12.2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52
administrator@minfin.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Сіздің 2021 жылғы 4 қарашадағы № 03-24/8259-И Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 39-бабы 3-тармағы 36) тармақшасы шеңберінде мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алудың жүзеге асырылуына түсіндерме беру бойынша хатыңызды қарап келесіні хабарлайды.

Заңның 39-бабы 3-тармағы 36) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тұлғадан тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынса, мемлекеттік сатып алу осы норма шегінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес *(Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген) (бұдан әрі – Қағида)* Заңның 39-бабының 3-тармағының 1), 6), 7), 8), 16), 27), 29), 30), 31), 33), 36), 37), 38), 40), 41), 51) және 56)-тармақшаларына сәйкес көзделген негіздер бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу веб-порталда белгіленген форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталғанның негізінде, мемлекеттік сатып алу веб-порталының басты бетінде Заңның 39-бабы 3) тармағы 36) тармақшасының шеңберінде мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуға құқығы бар әлеуетті өнім беруішілердің тізімі орналастырылған.

Өз кезегінде, Заңның 39-бабы 3) тармағы 36) тармақшасы шеңберінде тапсырыс берушілер мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу

Рег.№ 1855 Рег.дата 06.12.2021 Копия электронного документа. Дата: 07.12.2021 17:35. Версия СЭД: Documentolog 7.8.10. Положительный результат проверки ЭЦП

арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатын өнім берушілердің тізбесінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» ШЖҚ РМК архитектуралық жобалау бойынша жұмыстар *(ТЖҚ БНА коды 711131.900.000003)* бойынша енгізілген.

Осы орайда, Заңның 39-бабы 3-тармағы 36) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, өнім берушіге - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Республикалық мемлекеттік қала құрылысын жоспарлау және кадастр орталығы» ШЖҚ РМК қол жетімді болып табылады.

Вице-министр **Д. Кеңбеил**

А.Султанбаев
75-06-39

Подпись канцелярии
06.12.2021 10:53 АМРЕНОВА АЙГУЛЬ

Подпись руководителя
06.12.2021 10:51 ИБРАЕВА АЙГЕРИМ

Рег.№ 1855 Рег.дата 06.12.2021 Копия электронного документа. Дата: 07.12.2021 17:35. Версия СЭД: Documentolog 7.8.10. Положительный результат проверки ЭЦП

№	Наименование работ	Категрия сложности	Стоимость за 1 га, тенге	Площадь, га	Стоимость, тенге	НДС, тенге	Стоимость с учетом НДС, тенге
1	Инвентаризация инженерных коммуникаций на застроенных территориях с. Каратобе с составлением кадастрового плана в масштабе 1:500	II	40 102	60,0	2 406 120,00	288 734,40	2 694 854,40

Стоимость инвентаризационных работ за гектар принята согласно Прейскуранта цен на работы, производимые и (или) реализуемые РГП «Госградкадастр»* *(утвержден приказом Министра национальной экономики от 29 февраля 2016 года № 114, внесены изменения приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития РК от 18 марта 2019 года № 144).***

***площадь застроенной территории предоставлена уполномоченным органом по делам строительства, архитектуры и градостроительства*

Директор Т.Джазбаев